

Аманкөл селолық округі Жарма елді мекені аумағында карантин режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Аманкөл селолық округі әкімінің 2011 жылғы 6 желтоқсандағы № 18 шешімі. Ақтөбе облысының Ырғыз аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 6 қаңтарда № 3-5-151 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Аманкөл селолық округі әкімінің 2012 жылғы 1 қарашадағы № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Аманкөл селолық округі әкімінің 2012.11.01 № 9 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабының 7 тармақшасына сәйкес және Ырғыз аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 11 қазан 2011 жылғы № 3-4/614 ұсынысының негізінде Аманкөл селолық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Аманкөл селолық округі Жарма елді мекені аумағында иттердің құтыру ошағы анықталуына байланысты карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау селолық округі әкімі аппаратының бас маманы **С.Дүкенбаевқа** жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аманкөл селолық округінің
әкімі **Ж. Қайыров**